2022 жылдың наурыз айының 3-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу

Қазақстанның оңтүстік жартысында қолайлы ауа температурасы фонында және мол жауын-шашыннан күздік бидайдың, көпжылдық шөптердің қарқынды вегетациясы және жеміс ағаш бүршіктерінің бөртуі жалғасуда.

Алматы, Жамбыл және Алматы облысының бақылау учаскелерінде күздік бидайдың жағдайы жақсы, даму фазасы «көктеу» - «түптену».

Батыс Қазақстан облысының күздік дәнді дақылдар себілген аудандарында орын алған метеорологиялық жағдайлар қыстық кезеңнің аяқталуына қолайлы болған.

Жамбыл облысының бақылау учаскелерінде топырақты алдын ала өңдегеннен кейін барлық жерлерде жаздық арпа себу науқанына кіріскен. Ерте себілген арпа егістіктерінде «көктеу» – «3-ші жапырақ» даму кезеңдері байқалған, өсімдіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында жоңышқаның, эспарцерттің және беденің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, даму фазасы «сабақтың өсуі». Түркістан облысының Ордабасы ауданында (Бугун агропосты) жоңышқаны вегетациялық суаруға кіріскен.

Алматы және Түркістан облыстарының жеміс дақылдары бақшаларында алма мен шие бұтақтарында бүршіктердің бөртуі байқалған, жағдайы жақсы.

Наурыздың үшінші онкүндігі мал шаруашылығы аудандарында тұрақсыз, жауын-шашынды және қатты екпінді желді ауа райымен сипатталады. Жайылымдық мал шаруашылығының басым аймағында ауа температурасы аномалиясының мәні теріс болған. Алайда, ауа райы жағдайлары оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарда мал жаюға және жайылымдық өсімдіктердің вегетациясына қолайлы болған.

Қостанай облысының Арқалық ауданы мен Қарағанды облысының Шет ауданынан басқа барлық жайылымдарда мал бағу жұмыстары жүргізілген, мұнда малдарды қораларда ұстауда. Онкүндіктің басында Түркістан облысының Созақ ауданында малдарды айдауда. Төлдеу науқаны Алматы облысының Жамбыл, Балқаш және Қаратал аудандарында, Атырау облысының Қызылқоға және Құрманғазы аудандарында және Түркістан облысының Созақ ауданында жалғасуда.

Жайылымдар бірқалыпты және қатты тапталған. Шымның жағдайы көбінсе дымқыл, жеке жайылымдарда қатқақ және құрғақ. Шабындықтың жағдайы көбінсе қанағаттанарлық, нашар шабындық Алматы облысының Қаратал ауданында, Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында және Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында байқалған.

Көктемгі ауа райының құбылмалдылығына, температураның ауытқуына байланысты, өткен онкүндік ішінде мал шаруашылығы аймағында тіршілік ету үшін үлкен қауіп төндіретін қатты жел, көктайғақ құбылыстары, қырау, бұрқасын байқалуда.

Топырақтың метрлік қабатындағы ылғалдылықты бақылау Қазақстанның Маңғыстау, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарында жүргізілді, онда ылғалдану жағдайлары көбінесе оңтайлы болып қалыптасқан, Алматы облысының Жамбыл ауданында жеткіліксіз болған.